

Қамқоршылық кенес отырысының

№1 Хаттамасы

Атырау қаласы

16.03.2022ж

Катысқандар- 4

Катыспағанадар-5:

1. Баємирова Айнур- ҚҚ төрайымы
2. Бақтыгереева Анаргүл-мүше
3. Сарсенов Рафик-мүше
4. Сактанов Ерлан-мүше

Күн тәртібінде

1. Мектеп асханасының жағдайы
2. Оқушылардың дұрыс тамақтандылуын қадағалау

Тындалды:

«Қамқоршы кенес» төрайымы: А.Баємирова- Бүгінгі күні «Қамқоршылық кенес» мүшелерінің кездесуімен мектепшілік асхананы бақылау жұмыстарын жүргізгенде төмендегі жағадайларды анықтадық.

- 2019 жылдың наурыз айынан бастап мектеп асханасын ИП «Зарубин» жалға алғып оқушыларды тамақтандырып отыр. Асхананың тамақтану сапасына жауапасына жауап беретін маман ретінде диетолог: Ж.Есенғалиева уақытылы бракераж журналын жүргізіп отыр. Асханада «Ас мәзірі» бұрышы ілінген. Тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етуде асханада ас мәзірі дұрыс жасалып бекітілген. Бұдан басқа мектеп тарапынан асханаға қатысты құжаттар, мектеп әкімшілігінің кезекшілік кестесі, оқушылардың уақытылы тамақтану кестесі және оқушыларға сатылымға тиым салынған азық-өнім тізбесі.

Асханада 1-4 бастауыш сынып оқушыларының тамақтану есеп журналы бары екендігі айқындалды. Ата аналарының өтініші бойынша әлеуметтік

тізімде тұрған оқушылардың 20 оқушысы тегін тамақтанып отыр. Асхана бойынша оқушылар мен ата-аналардың пікірін жазатын арыз-шабым журналы бар.

«Қамқоршылық кеңес» мүшесі Сактанов Ерлан сөз алды: Асхананың ішкі бөлмелері өте таза (ет қойылтын, азық-түлдік, сүт өнімдері). Тоңазытқыштың іші қаралып оның уақытылы жуып тазаланып тұратындығы көрінді. Асхана іші таза, санитарлық гигиенаға сай. Асхана қызметкерлерінің үстінде ақ халат, қолдарында арнайы қолғабтары бар.

«Қамқоршылық кеңес» мүшесі Сарсенов Рафик сөз алды: Бүгінгі күні асханада оқушылардың тегін тамақтанудан басқа буфеттік жұмыстар да назардан тыс қалмауы керек. Буфеттік өнімдер оқушыларға өте жұмсақ, дәмді және тиімді бағамен сатылуы қажет. Асхана қызметкерлерінің кешегі пісірілген өнімдердің бүгінгі күні сатылымда болмауына әлеуметтік педагог пен әкімшілік кезекшіліріне жүктелуі қажет. Сатылымда тұрған бәліш бағалары өте қымбаттау екендігін асхана қызметкерлеріне ескерту жасалды. Яғни, сатылымда тұрған барлық бәліштер -150 теңге еken. Буфет өнімдерінің сатылымдағы бағасынан кішкене төмен түсін, мектепте білім алғып жатырган оқушылардың жағдайын ескере отырып, ИП «Зарубин» ге жазбаша өтініш түсіріп, жазбаша жауабын алуды сұраймын.

Шешім:

1. Асханаға уақытылы тоқсан сайын зерделеу жұмыстары жүргізілсін.
2. Буфеттік өнімдердің бағаларының жоғарламауына мектеп әкімшілігіне жүктелсін

ҚҚ төрайымы:

А.Баемирова

ҚҚ хатшысы:

А.Кадыржанова